



Автожолдарда бірыңғай цифрлық платформа әзірленеді

Көлік министрі Марат Қарабаев елімізде жол инфрақұрылымын басқаруды жаңғырту үшін негіз болатын «E-Joldar» бірыңғай цифрлық платформасы енгізілетінін айтты.

Платформа қолданыстағы цифрлық жүйелерді біріктіреді және барлық автомобиль жолдарын, яғни, халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық жолдар туралы ақпаратты жинау және есепке алу үдерістерін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Платформаның негізгі қызметінің бірі жол саласын дамытуда ашықтықты қамтамасыз ету, сондай-ақ жол активтерін сенімді бақылау және тиімді басқару. Сонымен қатар «E-



Joldar» автожол пайдаланушылары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және жол активтерін басқаруға жауапты мамандар арасында тығыз байланыс орнатуға жағдай жасайды.

Министрдің айтуынша, платформаны енгізу 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған, бұл жол қызметтерінің сапасын едәуір арттыруға және инфрақұрылыммен байланысты мәселелерді шешуді жеделдетуге мүмкіндік береді.



Мемлекет басшысы Түрікменстанның Сыртқы істер министріні қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Түрікменстанның Бітімгершілік бастамаларының маңызы зор екенін айтып, оны табысты жүзеге асыру үшін Қазақстанның жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастыра беретінін атап өтті.

Президент қазақ-түрікмен қарым-қатынастары барлық бағытта достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестік рухында дамып келе жатқанына назар аударды.

Сондай-ақ Ашхабад бастамашы болған Бейбітшілік және сенім жылының басталуымен құттықтады. Бұл Түрікменстанның бейтарап саяси ұстанымының 30 жыл-

дығымен қатар келіп отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанның бітімгершілік бастамаларының маңызы зор екенін айтып, оны табысты жүзеге асыру үшін Қазақстанның жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастыра беретінін атап өтті.

Екі ел арасында экономикалық байланыстар қарқынды дамып, мемлекеттер мүддесіне сай келетін өзекті мәселелер конструктивті тұрғыдан ілгерілеп келеді.

Өз кезегінде Рашид Мереев Мемлекет басшысына Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов пен

Түрікмен халқының ұлттық көшбасшысы, Халқ Мәслихатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовтің ыстық ықыласын жеткізіп, Екі ел арасында экономикалық байланыстар қарқынды дамып келе жатқанын тілге тиек етті.

Әңгімелесу барысында энергетика, көлік-транзит және мәдени-гуманитарлық салалар бойынша бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Кедендік баж мәселесі талқыланды

Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің депутаттары Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудитінің қорытындысы бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында есепке жатқызу және бөлу мәселелерін талқылауға арналған дөңгелек үстел өткізді.

Іс-шара кедендік әкелу баждарының сомасын бөлу үдерісінде туындайтын өзекті мәселелер мен проблемаларды талқылау және осы рәсімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында ұйымдастырылды.

ЕАЭО елдерінің қаржы тұрақтылығы мен экономи-



калық әл-ауқатында әкелу баждарын есепке алу және бөлу мәселесі маңызды рөл атқарады. Алайда шешуді талап ететін мәселелер бар. Олардың ішінде мүше мемлекеттердің бюджеттеріне баж сомасының бөлінбеуі, қате аударылған қаржыны қайтару және кірістерді бөлудегі теңгерімсіздік, әсіресе Қазақстан сияқты ірі сыртқы сауда ағыны бар елдерге байланысты проблемалар бар.

Іс-шараға Жоғары аудиторлық палатаның, қаржы, ұлттық экономика, сондай-ақ сауда және интеграция министрліктерінің өкілдері қатысты. Қатысушылар талқылау барысында мемле-

кеттік органдар өкілдерінің сөйлеген сөзін тыңдады және ұсыныстар мен ұсынымдарды талқылады. Сондай-ақ бажды қабылдау және бөлу рәсімдерін жақсарту мүмкіндіктері қаралды.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы 2010 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған келісімшарттар және олардың баждарды есепке алу үрдісіне әсеріне ерекше назар аударылды.

Талқылау барысында айтылған ұсыныстар мен ескертулерге талдау жасалды. Олар дөңгелек үстел қорытындысы бойынша ұсынымдар топтамасына енгізіледі.

«Созақ үні»-ақпарат.



әкімшілік талап қою түскен, аталған әкімшілік талап қоюлар жеке сот орындаушының іс-әрекетімен байланысты даулардан туындаған.

Сондай-ақ, медиацияны дамыту, іске асыру мақсатында зиялы қауым өкілдері, прокуратура, адвокатура, кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың, жергілікті үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 9 дөңгелек үстел, газет беттеріне 13 мақалалар жарияланған.

Ауданда билер кеңесі құрылған. Қазіргі таңда 25 билер жұмыстар атқаруда. 8

Созақ аудандық сотында баспасөз конференциясы өтті

Баспасөз конференциясына аудандық сот төрағасы А.С.Дәуренбеков пен аудандық «Созақ-үні» газетінің тілшісі Н.Қанатұлы қатысты. Жиында сот төрағасы А.С.Дәуренбеков баяндама жасап, онда 2024 жылы сот төрелігін жүзеге асыру барысында атқарған жұмыстарды қорытындылап, 2023 жылмен салыстырып өтті.

Сот төрелігін сапалы жүзеге асыру үшін аудандық сотпен бірқатар қажетті іс-шаралар өткізілуде, яғни, күрделі істер бойынша семинарлар, сот тәжірибесін талдау және жалпылау, заңнамадағы өзгерістер мен проблемалық мәселелерді жедел сот отырысында талқылау. Тұрақты және болжалды сот тәжірибесін құру мақсатында сот актілерінің күшін жою және өзгерту себептеріне ұдайы мониторинг жүргізілетінін айтып, істердің статистикалық деректеріне тоқталды.

Мәселен, Қылмыстық істер бойынша Созақ аудандық сотының өндірісіне 2023 жылы 44 қылмыстық іс қаралса, ал 2024 жылы 53 қылмыстық іс қаралған, яғни 9 іске көбейген. Ал, Азаматтық істер бойынша 2023 жылы 638 іс қаралып аяқталған, 2024 жылы 770 іске көбейген, яғни 132 іске артқаны байқалады. Түскен талаптардың көпшілігі отбасылық қатынастар мен шарттық міндеттемелерден туындаған даулар.

Медиация тәртібімен 2023 жылы 112 іс аяқталса, ал 2024 жылы 195 іс аяқталған, 83 іске көбейген.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 2023 жылы сотқа 267 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түссе, ал 2024 жылы 251 іс түскен, яғни 16 іске азайған. Әкімшілік істер бойынша 2023 жылы сотқа әкімшілік талап қоюлар түспеген 2024 жылы 2

Кәсіби, 50 кәсіби емес медиаторлар жұмыс атқарады. Сондай-ақ, Созақ аудандық әкімдігінде медиация кабинеті ашылған, онда 2 кәсіби медиатор жұмыс атқаруда және ауыл әкімдіктерінде, Созақ аудандық сотында медиация кабинеттері бар.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат жұмыстары бойынша газет беттеріне мақалалар жаряланып, әр түрлі тақырыптарда семинар сабақтары мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шара соңында сот төрағасы БАҚ өкілдерінің тарапынан сот әділдігін жүзеге асыру бойынша туындаған өзге де сұрақтарға жауап беріп, бұл шараның сот ісін жүргізуді әрі қарай жетілдіру, ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру бағытында жүргізілетінін атап өтті.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.



Әскери курсанттар мектеп оқушыларымен кездесті

Түркістан облысы Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі, жұмылдыру бөлімшесінің бастығы-бөлім бастығының орынбасары майор Алжанов Ергали Абдигалилович және Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының» 1 рота 2 взводының курсанттары Имамсаин Иманғали Берікұлы мен Амангелді Жәнібек Жанкелдіұлы Түркістан облысы Созақ ауданының орталығы Шолақ-қорған ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы жал-

пы білім беретін мектебі мен Ахмет Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебінде және Нәзір Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейінің шақыртуымен арнайы барып мектептің жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне қарасты Әскери жо-

Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.

Сұранысқа сай спорт үйірмелері ашылып, жұмыс жасауда

Аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының 2024 жылғы қазан айында жергілікті тұрғындармен кезекті кездесу барысында Жуантөбе ауылында жастардың сұранысына орай ауылдық клуб жанынан заманауи жаттығу залы жұмысын бастаған болатын. Жаттығу залында жастардың спортпен шұғылдануына қажетті спорт жабдықтары орнатылып, жағдай жасалған.

Жаттығу залының ашылуында ауыл тұрғындары аудан әкіміне штат қарап, үйірмелер жұмыс жасаса деген ұсыныстарын айтқан болатын.

Жыл басынан халық сұранысына орай ауданнан арнайы штат қаралып «Қазақша күрес» және «Үстел теннисі» үйірмелері арнайы бекітілген кестемен жұмыс жасауда. Жаттығу залы ауыл жастарының шынығуы мен бос уақыттарын тиімді өткізулеріне үлкен мүмкіндік болып отыр.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ІШКІ ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП, КӨШЕЛЕР ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛАДЫ

Аудан экономикасын дамыту мен ішкі жолдардың сапасын арттыру мақсатында 2025 жылы аудандық бюджеттен бөлінген қаржы көлемі екі есеге артып, жалпы 1 миллиард 288 миллион 560 мың теңге бөлінді. Бұл қаржы есебінен 66,4 шақырымды құрайтын елді мекендердің ішкі көшелеріне асфальт жабындысы мен қиыршық тас төселетін болады.

Бұған қоса «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы аясында 424 миллион 963 мың теңгеге 14,2 шақырымды құрайтын 12 көше асфальт жабындысымен жаңартылатын болады.

Бұл жөнінде бүгін аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында мәлімдеді. Сондай-ақ осы жылы аудан бойынша барлық ауылдар мен



елді мекендердің ішкі көшелерін 100 пайызға көше жарықшамдарымен қамту жоспарланып отырғанын айтты. Өзге де өзекті мәселелерді оңтайландыру бағытында қолға алынған жұмыстар мен нәтижелері жайында жан-жақты баяндады.

Айта кетейік, өткен жылы ауданда «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы аясында ауданымызда 25 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жалпы 26,1 шақырым жол жаңартылды.

Аудандық бюджет есебінен 21,2 шақырымды құрайтын 18 көшеге асфальт жабындысы мен қиыршық тас төселді. Бұл жұмыстар ауылдардың ішкі жолдарының сапасын жақсартуға және азаматтардың қозғалыс еркіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Нәтижесінде, аудандағы елді мекендердің ішкі жолдарындағы асфальт жабындысының үлесі 66 пайыздан 69 пайызға дейін артқан.

Цифрлық форматтағы «Ашық есік күні» іс-шарасы өткізілді

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағы-

міндетті. Осы мақсатта 2025 жылдың 03 ақпанында Созақ ауданы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің бірінші қабатындағы халықтық кеңседе цифрлық



ның 3) тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушілер қызмет алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынуға

форматтағы ашық есік күні өткізілді. Аудан тұрғындары мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша тікелей эфирде сауалдарын жолдап, жауаптар берілді.

7 ақпан-Созақ көтерілісіне 95 жыл

Қызыл кеңес мемлекетінің тізеге салған зорлықшыл саясаты халықтың ашу-ызаға толы қарсылығын туғызбай қоймады. Жұртшылықтың арасында режимге қарсы бой көрсетуден тайынбай-тындар көбейе түсті. 1929-1931 жылдарда шаруалардың 380 рет бұрқ ете қалған бүлігі мен көтерілісіне 80 мыңға жуық адам қатысты. Солардың ең ірісі Созақ, Адай, Ырғыз бас көтерулері еді. Бәрі де қызыл армияның қарулы әскерінің күшімен аяусыз басып жаншылды.

1930 жылдың наурыз айында Қазақстанды сол кездері басқарып тұрған Ф.И.Голощекин И.В.Сталинге жазған жабық хатында

зілген көп жұмысты біз дер кезінде бөгедік. Бұл бандиттік бас көтерулерді біздер жойып жібердік. Бұл аудандарға ұйымдастырушылық және бұқаралық жұмыстар жүргізу үшін көптеген қызметкерлер жөнелтілді» дейді. Көтеріліс кезінде оққа ұшқаннан бөлек, қолға түскен 500-ден астам адам сотсыз атылған. Кеңес үкіметі Созақтың халқын ғана жазалап қоймай, аудан орталығын Шолаққорғанға 1934 жылы біржолата көшіріп жіберіп, қара жерді де соттаған. Мұндай сорақы тірлікті Созақтан басқа кім көрді? 1930 жылы 7 ақпанда Сырдария округінің Созақ ауданында Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс басталды.

метпен, винтовкалармен мұздай қаруланған отрядтар және оларға көмекке келген Орта Азия әскери округі әскерлерінің күшімен көтеріліс аяусыз басылып-жаншылды. Шайқастан тірі қалып, қолға түскен 311 адам қылмыстық жауапқа тарылды. ОГПУ үштігінің үкімі бойынша 68 адам ату жазасына кесілді, 152 адам 10 жылға дейін түрмеге қамалды, 21 адам Сібірге жер аударылды. 1 адам басқа өңірлерге жер аударылды. Жазалаудан қашқан қаншама адам босып кетті. Бұл жаңа деректердің ар жағында қаншама отбасының қасіреті жатыр. Созақ қасіреті ұмытылмақ емес.

Сөз соңында аудан бас-

Аласапыран жылдардың ақтаңдақтары



былай деді: «... Ақпанда біз үш ірі бұқаралық қарулы көтеріліске кездестік. Біріншіден-Сырдария округінің Созақ ауданында. Аудан малды, рулық қатынастар өте көп сақталған. Дінбасылардың ықпалы күшті және Ташкенттегі ұлтшыл басшылықпен тығыз байланыста. Партия-совет жұмысының әлсіздігі және бұрмалаулар белең алып кетті. Бұл көтеріліске мынадай жағдайлар тән: көтеріліс басшылары бір ауғандық қатысқан байлар және ишандар: мұқият жұмыстарын дайындайтын екі айдан астам уақыт жүргізген. Көтеріліске халықтың көпшілігі тартылды, оларға аудан коммунистерінің едәуір бөлігі де қосылды. Ұйымдастыру ұраны діни: «Алланың атынан!», «Байларға қарсы совет заңдарын қолдануға тиым салу» болды. Армияны рулық принциппен, әрбір қатысушылар рубасы байлардың қолдауымен ұйымдастыру, әскери шайқастағы жанқиярлық. Біздің жағымыздан 50-ге тарта адам өлді және азапталды. Олар жағынан 400-ден астам шығын болды. Олардың жағынан басқа аудандардың халқын тартуға байланысты жүргі-

Екі айдан астам созылған көтерілісте Созақ тұрғындары Кеңес үкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы әділдік пен азаттық үшін күресті. Бұрынғы байлар тәркіленіп, ол кезде бай дейтін ешкім қалмаған. Сондықтан «Байлардың қырылуы» деп олардың туыстарын, орта шаруаларды қудалай бастайды. Созақ қыстағының қасындағы «Дуана» деген жерге айналасын терең оретіп, концлагерь жасап, онда салықты дер кезінде өтей алмағандарды қамады. Мұндай концлагерлер басқа жерден де ашыла бастайды. Мешіттер жабылып, қоймаларға, мал қораға айналады. Аштыққа, зорлық-зомбылыққа шыдамаған халық көтеріліске шығады. Көтерілісті Сұлтанбек Шолақов басқарды. 7 ақпанда көтерілісшілер Созақ ауданының орталығын алды. Милиция қарусыздандырылды. Кеңес үкіметінің іс-қағаздары өртелді. Көтерілісті басуға Алматыдан, Түркістаннан, Шымкенттен коммунистік отрядтар мен ОГПУ-дың күштері жіберілді. Созақтың оңтүстігіндегі 40 шақырымдай жердегі Тассарай шатқалында бірнеше күн шайқас болады. Пуле-

шылығына, аудандық мәслихатқа айтарым алдағы уақытта келе жатқан «Созақ көтерілісінің 100 жылдығы» еске алу шарасына орай ауданда «Созақ қасіреті» деген сол жылдың қасіретін айғақтайтын үлкен, әрі биік мемориал тұрғызылса, онда қуғын көргендердің есімі жазылса. Өйткені бұл көтеріліс қасіреті бір рудың ғана емес барлық созақтықтардың қасіреті. Және ауданымызда 7 ақпан-аза күні болып белгіленсе бұл дегеніміз ата-баба рухына зор тағзым, кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге болар еді.

Өткен жылдары Мемлекет басшысының тапсырмасымен қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру үшін әрбір облыстарда саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмысшы тобы құрылып орасан жұмыстар атқаруда. Жоғарыда айтылған ұсыныстар Президент айтқан тапсырмаға зор үлес қосқан болар еді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

«КітапХан» кітап оқу сайысы



Созақ ауданы білім бөлімінің Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде 2025 жылдың 13-24 қаңтар аралығындағы бастауыш пән бірлестігінің «Білім шыңының баспалдағы-бастауыш» тақырыбындағы онкүндігінің аясында 23 қаңтар күні бастауыш сынып мұғалімдері Иманбердиева Айжан мен Серикбаева Кумардың ұйымдастыруымен 3-4-сыныптар арасында «КітапХан» кітап оқу сайысы тақырыбында үздік оқырмандар сайысы өткізілді. Кітап-алтын қазына деп бекер айтпаған. Себебі адам білімді болуы керек. Ал кітапты оқыған адам оқымысты болады. Адамның ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Сайыстың мақсаты: оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру, кітап оқуға қызықтыру, кітапты ықыпты ұстауға үйрету, кітаптың пайдасы мен маңыздылығын ұғындыру. Сайысқа қатысушыларға Р.Қошқарбаев пен Ш.Уалихановтың өмірі мен шығармашылығынан қор-

ғауға тапсырма берілді. Мектеп кітапханашылары М.Жәнібекова мен Х.Нысанбекова жобаға қазылық жасады. Сайысқа 16 оқушы белсене қатысты. Сайыста 3-сынып оқушысы Болат Айым Х.К.Андерсеннің «Түймеқыз» ертегісін қорғап 1-орынды иеленді. 4-сынып оқушысы Тұрғанбай Нұрболат Ы.Алтынсариннің «Бай мен жарлы баласы» әңгімесін қорғап жүлделі 1-орынды иеленді. Осы оқушыларға ынталандыру сыйлығы ретінде бес мың теңгеден ақшалай берілді. Байқауға қатысып орын иеленген оқушыларға мектеп директоры С.Шардарбековтің мақтау қағаздарымен марапатталып, ұйымдастырушылар дайындаған сыйлықтарын үлестірді. Алдағы уақытта кітап оқуға деген оқырмандардың құштарлығын арттыру мақсатында бұл шара өз жалғасын табатын болады. Кітапқұмарлар көбейе берсін!

Кумар СЕРИКБАЕВА,
Т.Әлімқұлов атындағы
№14 мектеп интернат-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі.

Грек-рим күресінен жаңа жұлдыз жанды!



Созақ спорты үшін 2025 жыл да жақсы, нәтижелі жыл боп басталды! Нақтырақ айтсам, өткен қаңтар айының 14 мен 18 аралығында Кентау қаласында Грек-рим күресінен жасөспірімдер арасында Түркістан облысының біріншілігі болып өтті. Облыстық жарысқа өңірімізден 320 спортшы қатысты. Жарысқа Созақ ауданының командасы да барып қатысып, Қамбарбек Дияр Серікұлы есімді балғын балуанымыз 75 кг салмақта Түркістан облысының чемпионы атанды. Созақ аудандық БЖСМ-нің оқушысы Дияр Серікұлы жарыс нәтижесінде сәуір айында Орал қаласында Грек-рим күресінен өтетін ҚР чемпионатына жолдама жеңіп алды. Жеке бапкері Ырысбаев Жандос болып табылатын Дияр балуанымыздық алдағы республика біріншілігінде де жеңімпаз болуына тілектеспіз! Жалпы, аудандық БЖСМ-нің балуандарына да бапкерлеріне де алдағы уақыттарда сәттілік серік болсын дейміз! Бұйырмаса, биылғы жылы да Созақ ауданының спорттық қоржыны облыстық, республикалық және әлемдік деңгейдегі медальдарға тола берсін!

Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.

Кеңес әскері шектеулі контингентінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына-36 жыл

БІЗДІҢ ОТАН АЛДЫНДАҒЫ

Қатардағы жауынгер Омаров Жанболат Тасболатұлы 1960 жылы Кентау қаласына қарасты Ащысай қалашығында туылған. Осы қалашықтағы М.Горький атындағы орта мектептің 1977 жылы сегізжылдық сыныбын бітіріп, Кентау қаласындағы қалалық кәсіптік-техникалық училищеге оқуға құжат тапсырып, оны слесарь-ремонтщик мамандығы бойынша 1979 жылы бітіріп шығады. Осы жылдың қыркүйек айында Созақ аудандық әскери комиссариатынан Кеңес Армиясы қатарына шақырылып Ресейдің Иван Франковский қаласындағы мотоатқыштар әскери



заслуги», «За боевые заслуги», «Ветеран боевых действий», «70 лет Вооруженных Сил СССР», «Войну-интернационалисту от благодарного Афганского народа», «Войну-интернационалисту», «10 летию вывода ОКСВ из Афганистана», «Ветерану войны в Афганистане», «15 лет вывода Советских войск из ДРА», «20-лет вывода Советских войск из Афганистана» медалдарымен марапатталған. 1981 жылдан 1999 жылға дейін Сызған кеңшарының құрылысшы бригадасында құрылысшы болып еңбек етеді. Бірнеше жылдар өндіріс орнында жұмыс істеп зей-

Біз жауынгерлік саптамыз



Биыл Кеңес әскері шектеулі контингентінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 36 жыл толып отыр. Бұл күнде аудан көлемінде тұратын жергілікті 18 ауған соғысы ардагерлері мен оның ішінде 3 мүгедек азамат бар. Олар от пен оқтың ортасында жүріп жастық ғұмыры мен денсаулықтарынан айырылды. Енді бірі елге мүгедек болып оралды. Алайда барлығы, маған анау керек», «мынау керек еді» демей ел қатарлы өмір сүруде. Мемлекетіміз қолынан келген мүмкіндігін беруден аянып жатқан жоқ. Ауданда жұмыссыз жүрген ауған ардагерлерін, оның

Жол бастаған Жанболат

бөліміне курсант болып түседі. Желтоқсан айының 20-шы жұлдызы күні әскери колоннамен Кабул қаласына кіреді. Жанболат Ауғанстанда 22077 әскери бөлімінде қызмет атқарып, Ауғанстанға

кірген колонналарды бастап жүреді. 1980 жылдың 23 ақпанынан атқыш (стрелок) болып Пули-Хумри асуынан асуға 92053 әскери бөліміне сопровождение жасайды. Содан 1981 жылы 21 қазанда елге оралады. «За особые

неткерлік демалысқа шыққан. Жанболат әйелі Бақбергенова Зәуре екеуі Мақсат, Индиана, Ботагөз есімді үш баланы тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы.



отбасы мүшелерін жұмысқа орналастыру, мерекелік шараларда жылына бір рет қаржылай қолдау көрсетіліп тұрады. Бұл жерде аудан басшыларына ауған ардагерлері атынан ризашылығымызды білдіреміз.

Ауған соғысы ардагерлері біздер, аудан көлеміндегі мектептердің барлығында дерлік оқушылармен кездесу өткіздік. Жастарға отаншылдық рухта тәрбие беруде қолымыздан келген өнеге-өсиетімізді, ғибратты әңгімелерімізді, көргенді ойларымыз бен ақыл-пікірлерімізді айтудан жалықпаймыз. Кітапхана, ауылдық клуб меңгерушілеріне қашанда ризашылығымыз шексіз. Олар көптеген мәдени іс-шаралар өткізіп, бізді кездесу мен сұхбаттарға жиі шақырып отырады. Қорыта айтқанда аудандағы ауған ардагерлері рухани ізгілік жағынан таршылық көріп отырған жоқ. Егеменді еліміздің алға қарай қарышты қадам басып, дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттер ішінен көрінуі жолында еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін жемісті еңбек етуіміз зор міндет деп ұғамыз.

Барлық аудан жұртшылығынан, оның ішінде ауған соғысы, басқа да контингент ардагерлерін, олардың отбасыларына амандық, саулық, еңбектеріне табыс, отбасыларына қуаныш пен ынтымақ тілеймін. Еркін еліміздің көк аспаны көгершін қалықтар бейбіт мекенге айналсын.

Бегалы ОМАРБЕКҰЛЫ,
Созақ аудандық Ауғанстан соғысы ардагерлерінің
«Ерлікке тағзым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Бұйырмаған марапат

Аға лейтенант Бабаев Мухаметжан Мамаджанұлы 1959 жылы 13 қаңтарда Созақ ауданы Көктөбе ауылында туылған. 1976 жылы Созақ ауылындағы А.Науайы атындағы орта мектебін бітіріп, сол жылы Ташкент қаласындағы Низами атындағы Мемлекеттік педагогикалық институтының математика факультетіне түскен. Аталған институтты 1980 жылы бітіріп, институт жолдамасымен Өзбекстан Республикасы, Ақ алтын ауданы, F.Фулам атындағы орта мектепте математика мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. 1981 жылы Өзбекстан Республикасы, Сырдария облысындағы «Ауыл шаруашылығын механизациялау және электрлендіру» техникумына математика мұғалімі болып ауысты. 1981 жылы 27 сәуірде Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, Ауғанстан Демократия Республикасында әскери борышын өтеген.

Әскерден кейін, 1982 жылдың 7 желтоқсан күнінен бастап, Созақ ауданындағы А. Науайы атындағы орта мектепте математика пәнінің мұғалімі, психолог, мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары, мектеп директоры болып қызмет атқарған. Жоғары санатты математика пәнінің мұғалімі. Жанжасында 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірген.

Педагогика саласында атқарған

қызметі және әскери қызметтері үшін 1995 жылы ҚР Білім Министрлігі Құрмет грамотасы, 1999 жылы ҚР Білім, Мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің, облыстық оқу бөлімі және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің, Қазақстан Компартиясы аудандық комитеті мен аудандық білім бөлімінің грамоталарымен, 1988 жылы КСРО Жоғары Советінің грамотасымен және КСРО-ның жауынгерлік «За особые заслуги», «За боевые заслуги», «Ветеран боевых действий», «70 -лет Вооруженных Сил СССР», «Войну-интернационалисту от благодарного Афганского народа», «Войну-интернационалисту», «10-летию вывода ОКСВ из Афганистана», «Ветерану войны в Афганистане», «15 -лет вывода Советских войск из ДРА», «20 -лет вывода Советских войск из Афганистана» медалдарымен марапатталған. «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынылған бір жайт есіне түсіп отыр.

«Бұл Паншер шатқалындағы болған оқиға еді. «Тимур және оның командасы» кітабының авторы Аркадий Гайдардың баласы, кезінде Ресейдей алып мемлекеттің белгілі саясаткері болған контр адмиралы Тимур Гайдармен болған оқиға еді. Ол сол кезде Кеңес Одағының «Известия» газетінің әскери тілшісі қызметін атқарып тұрған кезі екен. Сол

кісіні алып жүру менің еншіме тиді. Мен ол кезде взвод командирінің жәрдемшісі (зам. ком. взвод) болатынмын.

Ауған жері белгілі. Көп жері тау-тастар. Тау жолы тар және жар-құз. Төменде өзен. Сәл қателік жіберсең жарға құлайсың. Ең жаманы, сені аңдып тұрған душмандар. Мен оны нағыз соғыс қызып тұрған Паншер шатқалында алып жүрген едім. Ол кеңес әскерінің жәрдемімен душмандардан азат етілген елді-мекендердегі жай-халықтың тұрмыс тіршілігі туралы жазу үшін келген екен.

Оны күзетіп бара жатқан кезде ол кісі табиғатынан жазушы емес пе, Ауған жерінің табиғатына тамсана қарап, біздің қайта-қайта ескертпелерімізге қарамай тез-тез БМП-ден басып шығарып бірдеңелерді жазып барды. Ол кісі Ауған елді — мекендегілерімен кездесіп, қайтып келе жатқан уақытта бірден жаудың тосқаулына тап болдық. Олар да осал емес-қой. Бізді нағыз таудың қиылыс жерінде тосқан. Біз бірнеше БМП пе едік. Олардың бірнеше гранатаметпен атқан оғы біздің бірінші БМП-ге тиіп, оның тас-талқанын шығарды. Біз Тимур Гайдармен екінші БМП-де келе жатқан едік. Қарша бораған оқтан БМП-де отырған жансауғалап қалды. Мен сол кезде БМП-ның төбесінде қалып қойдым. Себебі, байланыста отыр-



ған едім. Құдайдың маған берген өмірі шығар, сол уақытта аман қаламын деп ойламадым да. Мен ол кісіні Кеңес армиясы штабына аман-есен алып келіп тапсырдым. Менің сол кездегі еңбегімді ескеріп, «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынған еді, бірақ сол кезде рота командирінің саяси жетекшісі (зам. полит.рота) ауыр жарақат алып, Одаққа кетуіне байланысты бұл мәселе ескерусіз қалды. Мен бұл марапатты алмадым деп өкінбеймін, себебі мен өзімнің әскери борышымды адал атқардым деп ойлаймын, дейді ардагер аға.

Кеңес әскері шектеулі контингентінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына-36 жыл

ЖАУЫНГЕРЛІК ПАРЫЗЫМЫЗ

Айбынды жауынгерлеріміздің бірі-Қаратау ауылының тұрғыны Айтқұлов Жұмағали Нұрмаханұлы 1962 жылдың ақпан айында Ащысай кентіндегі кеншілер отбасында дүниеге келген Жұмағали Нұрмахан көкөнің екінші перзенті еді. Нұрғали, Жұмағали, Гүлнар, Пернекул атты төрт перзентті дүниеге әкелген Нұрмахан көке, жер астындағы ауыр жұмыстың салдарынан ерте қайтыс болады. Жарынан қалған перзенттің ауыртпалығын бір өзі арқалаған Күлжан ана, өзі туып өскен Қаратау ауылына келіп осындағы ауылдың клубта еден сыпырушы болып еңбек етіп, ұл-қыздарын ел қатарлы тәрбиелеп, өсіріп жеткізеді. Аяулы ана балашаға, немерелерінің қызығын көре



қалдары мен миналы алқаптардан өтіп үнемі ажал аузында жүреді. Өзімен бірге барған бірнеше жолдастарынан айырылып қалғаны бүгінгі күнге дейін көз алдында тұр. Бірде қарулас серіктерімен қару-жарақ қоймасын күзетіп тұрып, дұшпанның оқысы шабуылына ұшырайды. Жерге жата қалып, дұшпанға қарсы оқ жаудырады. Қосалқы көмек келгенше жауға өліспей беріспей қарсы тұрып қойманы жаудан аман алып қалады. Бөлім командирі Жұмағалиды қасындағы жауынгерлермен бірге жоғары наградаға ұсынады. Кейін білгеніндей орыс жігіті ғана марапатталып, бұлар шеттеп қалады. Ол кездегі саясат солай жүзеге асатын еді ғой. Бірақ Жұмағали ерлігін кейінгі ұрпақ біліп, ескеріп жүрсе басты награда сол болар. Елге 1982 жылы мамыр айында аман-есен оралып, Қаратау кеңшарында жиырма жылға жуық тракторшы механизатор болып жұмыс істейді. Ұжымдар тарап, нарық заманы келген соң жұмыссыз қалады. Нарыққа бейімі жоқ, бір тоға азамат үй шаруасының маңайында қалады. Оның үстіне жығылғанға жұдырық демекші, әскери билетін жоғалтып алады. Соның себебінен ауған соғысы ардагерлері қатарына да ілікпей жүреді. Жұмағали бұл күнде жұбайы Ақнұр екеуі 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр.

-Халқымызды бір тудың астында ынтымақтаса тату-тәтті өмір сүруге, еңбек етуге шақырамын. Ең бастысы күніміз бейбіт, аспанымыз бұлтсыз болсын,-дейді ауған соғысының ардагері, сержант Жұмағали аға.

Бір ажалдан аман қалдым

Қатардағы жауынгер Иманбердиев Сәкен Ұласбекұлы 1967 жылы 8 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылында дүниеге келген.

1984 жылы осы ауылдағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепті бітіріп Шымкент қаласындағы №150 кәсіптік-техникалық училищесіне қабылданады. 1985 жылы



аталған оқу орнын бітіріп Шымкент қаласындағы қазақ химия-технологиялық институтын түскен. 1986 жылы институт қабырғасынан кеңестік әскер қатарына шақырылады. 1987-1988 жылдары ауғанстандағы Кеңестер әскерінің қатарында интернационалдық борышын өтейді. Ауғанстандағы қызметі генерал А.Соцковец басқарған «Бас әскери кеңесшілер» корпусының ғарыштық құпия байланыс торабында кабул және гарdez қалаларында өтті. «За особые заслуги», «За боевые заслуги», «Ветеран боевых действий», «70-лет Вооруженных Сил СССР», «Войну-интернационалисту от благодарного Афганского народа», «Войну-интернационалисту», «10-летию вывода ОКСВ из Афганистана», «Ветерану войны в Афганистане», «15-лет вывода Советских войск из ДРА», «20-лет вывода Советских войск из Афганистана» медалдарымен марапатталады.

1992 жылы қазақ химия-технология институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1999 жылдан «Волковгеология» АҚ-ның №7 Геологиялық Барлау экспедициясында механик болып жұмыс істейді. Жанұясында жұбайымен үш ұл, бір қыз өсірген ұлағатты отбасы иесі.

-Есте қалған оқиға 1988 жылдың сәуір айында соңғы қарулы қақтығысқа дайындалып жатқан болатынбыз. Мен Ауғанстандағы «Бас әскери кеңесшінің» ғарыштық құпия байланыс торабында қызмет атқаратынмын. Біздің бөлімше ауған әскерлерімен бірге Герат аймағында болатын ұрыс әрекеттеріне кеңес беретін «әскери кеңесшілердің» құпия байланысын қамтамасыз етуі керек болатын.

Бір апталық дайындықтан соң командиріміз генерал Мырзахмет Сұбанов (кейіннен Қырғызстан Республикасының Қорғаныс министрі болды) мені өзіне шақырып, бұл жорыққа менің де бармайтынымды хабарлады. Әскерилердің бармайтыны белгілі болса да мен «неге?» деп сұрадым, ол «осылай деп шештік» деді де қойды. Генералдың бұл шешімді неге қабылдағаны маған түсініксіз болды. Бірақ осы жорыққа бармауыма бір күшті әсері болғанына кейіннен көзім жетті. Өйткені осы жорықта шайқас кезінде мен мінуге тиіс БТР экипажымен қоршауға түсіп, үш полковник және екі жауынгер қаза болды. Қаза болар алдында жараланып қолға түскен бір жауынгер мен бір офицерді дұшпандардың азаптап, дене мүшелерін кескілеп өлтіргендерін, құтқаруға барған арнайы жасақтың жігіттері суретке түсіріп әкелгенінде жанымыз түршікті. Мен бұл оқиғаны ешқашанда ұмытпақ емеспін,-дейді жауынгер Сәкен бауырымыз.

Ерлік-ұрпаққа үлгі

алмай 49 жасында көз жұмады. Жұмағали ағасы Нұрғалимен бірге қарындастарын қанаттарының астына алып ел қатарлы күн көшеді.

Мектеп бітірген соң Созақ кәсіптік-техникалық училищеге құжат тапсырып шофер, тракторшы мамандығына оқиды. Бір жылдан кейін, яғни 1980 жылы әскер қатарына шақырып, Балтық жағалауындағы әсем де, сұлу Рига қаласындағы әскери бөлімге түсіп, алты айлық оқуға ілігеді.

Алты ай өткен соң әйгілі Ауған жеріне аттанатынын біледі. Ауған-

станның оқ пен отқа оранған Баграм қаласындағы 35611 әскери бөлімінен бір-ақ шығады. Орыс, украин, шешен ұлттарының ішінде ротадағы жалғыз қазақ жігіті бір өзі болады. Орыс тіліне шорқақ Жұмағали өзінің зеректігі мен алғырлығы арқасында өз ұлтының қадір-қасиетін, өзгелерге мойында-та біледі.

Командирлердің берген бұйрықтары мен тапсырмаларын мүлтіксіз орындап көзге түседі. Бірнеше мәрте жау тылына аттанып, мол деректер әкеледі. Үрейлі тау шат-

Ауған асуларында достары қалды

Қатардағы жауынгер Рахашов Владимир Шәдібекұлы 1966 жылы 31 мамырда Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Владимир Ауғанстандағы арпалысты жылдарды еріксіз еске алды:

-Бізге берілген негізгі тапсырма шекарадан оқ-дәрі артып кірген көліктер колоннасын Термез қаласына дейін қорғап аман-есен жеткізу болатын. 1987 жылдың жазы өте ыстық болды. Тағы да кезекті жол сапарға шықтық. Әскерилердің айтатын «соғыс соғысымен, бірақ түскі тамақ уақтылы» демекші Саланг тасуының қауіпсіздей бір қиырына тоқтап түскі ас ішуге кірістік. Түскі тамақты көз ілеспес шапшаңдықпен апыл-ғұпыл ішіп жинала бастадық. Өйткені Кабул қаласына кешке дейін күн батпай жетуіміз керек. Мен тауды өте жек көретінмін. Таулар маған өлімді көз алдыма елестететін. Сұп сұр жаздап тастар, сарғыштанған мүк басқан шатқалды таулар қорқыныш ұялататын. Тіп-тік құзды шыңдар аяғың тайып кетсе төмендегі өзеннің табанынан бірақ шығасың. Өзендер гүрілдеп ағып, бір-бірінің сөзінді жөнді естімейсің. Сонау таудың биік шыңында қанатын кеңге жайған алып құс көрінеді. Оның мойны ұзын, тұмсығынан бастап кеудесіне дейін аппақ. Ол құс шөп-шалам, жеміс жидектерден гөрі сасыған өліктерді жақсы көретін еді. Біздің колонна қалың бұрылысы көп, тоғайлы тау ішіне кірді. Мұндай жерлерді дұшпан басқескерлері жақсы пайдалана біледі. Мен қасымда маған қарама қарсы отырған қарулас досым Игорге қарап, -Игорь соғыс



ойынын ойнаймыз ба?,-дедім. Ол түсіне қойды да өзінің қаруын менің сыртқы арқа тұсыма қарата қойды. Мен оның артқы жағына қаруымды кезеніп келемін. Былайша айтқанда екеуміз бір-бірімізді қорғап келеміз. Дұшпандардың көп қолданатын әдісі колоннаның соңында қалған 10-15 машинаны қоршап алып қалып жойып жіберетін еді. Алдыңғы кеткен колонна қайырылып келіп көмектесе алмайтынын біледі. Бұл жолы да сол әдісін қолданбақ ниетте төтеннен шабуыл бастады. Мен дәл осы жолы соңғы зениттік машинада едім. Бізге шұғыл әрекет ету керек болды. Біздің бәріміздің жиналуымызға дұшпандар мүмкіндік берер емес. Қатты жарылыстардан менің құлағым бітеліп қалды. Не болып не қойғанын білмеймін. Тек тау жаққа бағыттап атқылап жатырмын. Қасымдағы Игорге

қарасам ол қарқылдай күліп, бет қаратпай атысып жатыр. Оның бұл бейнесі маған жігер бергендей болды. Біздің рота командиріміз лейтенант Гришин тактикалық тапсырмалар беріп үлгерді. Біздің жауынгерлер ешқандай шығынсыз жаудың шабуылына тойтарыс бере отырып, жау қоршауын бұзып өтті. Растринин біздің колоннаның маңдай алды көлік жүргізушісі болатын. Оның үйіне қайтуына екі ай ғана уақыт қалған еді. Бұл оның соңғы бетпе бет ұрысы болды. Ол асудан асқан икемділікпен, аман-сау өз көлігімен өте білді. Жау қоршауынан аман өттік деп көлігін тоқтатып жерге түсе бергенде тау қуысына жасырынған дұшпанның оғына кез болды. Бұл бәріміз үшін де өкінішті жағдай еді. Мен ол күндерді қинала еске аламын, осы сәттерді ойлай отырып, өзімнің туған жерге аман есен келгеніме шүкірлік өтемін. Жолымның болғанына қуанамын,-дейді ардагер жауынгер.

Ол «За особые заслуги», «За боевые заслуги», «Ветеран боевых действий», «70-лет Вооруженных Сил СССР», «Войну-интернационалисту от благодарного Афганского народа», «Войну-интернационалисту», «10-летию вывода ОКСВ из Афганистана», «Ветерану войны в Афганистане», «15-лет вывода Советских войск из ДРА», «20-лет вывода Советских войск из Афганистана» медалдарымен марапатталды. Владимир бүгінгі таңда Тайқоңыр кентіндегі 7 партияда қаруайым трактор жүргізуші болып істейді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Приложение 1

Сведения по вакантным должностям сержантского и рядового составов войсковой части 23366

№ п/п	Войнская часть	Дислокация	Наименование должности	ВУС	ШДК	Количество
1	23366	Г.Астана	Старший специалист (ответственный исполнитель) отделения кадров и строевог	901	ефрейтор	1
2	23366	Г.Астана	Старший специалист (бухгалтер) финансовой службы	900	ефрейтор	1
3	23366	Г.Астана	Старший специалист (старший радиотелеграфист) командно-штабной машины материально-технического обеспечения узла связи роты обеспечения	419	ефрейтор	1
4	23366	Г.Астана	Специалисть (водитель) электрик командно- штабной машины материально- технического узла связи роты обеспечения	837 659	рядовой	1
5	23366	Г.Астана	Специалисть (водитель)-линейный надсмотрщик командно-штабной машины материально-технического обеспечения узла связи роты обеспечения	837 401	Рядовой	1
6	23366	Г.Астана	Старший специалист (старший сепциалист автоматизированных систем упарвления) полевого комплекса средств автоматизаций узла связи роты обеспечения	616	ефрейтор	1
7	23366	Г.Астана	Старший специалист (старший специалист спутниковой связи) полевого комплекса средств автоматизации узла связи роты обеспечения	430	ефрейтор	1
8	23366	Г.Астана	Специалист (водитель)-эектрик полевого комплекса средств автоматизации узла связи роты обеспечения	837 659	рядовой	1
9	23366	Г.Астана	Специалист (водитель)-электрик радиостанции средней мощности узла связи роты обеспечения	837 659	рядовой	1
10	23366	Г.Астана	Специалист (повор)-хозяйственного отделения взвода обеспеченияироты обеспечения	869	рядовой	1
11	23366	Г.Астана	Специалист(водитель)-повор хозяйственного отделения взвода обеспечения роты обеспечения	837 869	рядовой	1
12	23366	Г.Астана	Специалист (водитель) хозяйственного отделения взвода обеспечения роты обеспечения	837	рядовой	2
13	23366	Г.Астана	Специалист (водитель)-крановщик автомобильного отделения взвода обеспечения роты обеспечения	837	рядовой	1
14	23366	Г.Астана	Специалист (водитель)-экскаваторщик автомобильного отделения взвода обеспечения роты обеспечения	837	рядовой	1
15	23366	Г.Астана	Специалист (водитель)-паропроводчик отделения помывки взвода обеспечения роты обеспечения	837 872	рядовой	1
16	23366	Г.Астана	Старший специалист (помашник начальника смены) отделения по обеспечению режима безопасности (здание штаба №3 МО РК) роты обеспечения	908	ефрейтор	2
17	23366	Г.Астана	Старший специалист (старший водитель)-электрик отделения штабных машин роты обеспечения	837 659	ефрейтор	1
18	23366	Г.Астана	Специалист (водитель)-электрик отделения штабных машин роты обеспечения	837 659	рядовой	2
19	23366	Г.Астана	Специалист (слесарь)-аккумуляторщик отделения технического обслуживания роты обеспечения	856	рядовой	1
20	23366	Г.Астана	Специалист (водитель)-сварщик отделения технического обслуживания роты обеспечения	663 837	рядовой	1
21	23366	Г.Астана	Старший специалист (старший водитель) отделения подвоза материально- технических средств взвода МТО	971	рядовой	1
22	23366	Г.Астана	Специалист (водитель)-моторист отделения подвоза материально-технических средств взвода МТО	837 837	ефрейтор	1
23	23366	Г.Астана	Специалисть (водитель)-заправщик отделения подвоза материально- технических средств взвода МТО	851 837	рядовой	1
24	23366	Г.Астана	Старший специалист (старший водитель) транспортног-отделения взвода МТО	859	рядовой	2
25	23366	Г.Астана	Специалист (тракторист) транспортного отделения взвода МТО	837	ефрейтор	1
26	23366	Г.Астана	Специалист (водитель)- такелажник отделения механизации и погрузочно-разгрузочных работ взвода МТО	844	рядовой	1
27	23366	Г.Астана	Специалист (мастер) по ремонту средств связи отделения технического обслуживания и ремонта взвода МТО	837 040	рядовой	1
28	23366	Г.Астана	Специалист (водитель) пожарный команды противопожарной защиты	769 837	рядовой	1
29	23366	Г.Астана	Старший специалист (старший пожарный спасатель)-пожарный команды противопожарной защиты	966	ефрейтор	1
				966	ефрейтор	2

АПВ-ға қарсы вакцина- әйел денсаулығы үшін маңызды

Адам папиллома вирусы – адамның терісін және шырышты қабаттарын зақымдайтын вирус түрі. Қазіргі таңда аталған вирустың 200 астам түрі белгілі. 14 астам түрі жоғарғы онкогенді қауіп тудырады. Бұл вирус көбіне терінің шырышты қабаттарында дамидындақтан, обырмен асқыну қауіпі жоғары. Әсіресе, тәжірибеде жиі кездесетін жатыр мойнының обырына әкеп соқтыруы мүмкін. Жатыр мойны обырының дамуы әйел адамның папиллома вирусын жұқтыруымен байланысты.

Ең басты себеп адам имунитетінің төмендеуі. Бұл вирус адам ағзасында көбеюге бейім. Ол түрленген сайын түрлі ауруларды тудырады. Әсіресе онкогенді дерттердің вирустары жылдам репликацияланады (көбейеді). Сәйкесінше, салдары адам өміріне қауіп төндіретін қатерлі ауруларға әкеп соқтырады. Кейбір жағдайларда ағзаға түскен вирус 12-24 айдың ішінде өзі жойылып кетуі де мүмкін. Десек те, «Сақтанғанды сақтайды» демекші, екеп салдырып, профилактикалық тексерістен өту – әр адамның өз денсаулығы үшін өте маңызды.

Вирус тұрмыстық жанасу жолымен – қол алысу, сүйісу, терідегі зақымданулар мен жыныс жолдары арқылы жұғады. Әсіресе, вирус ылғалды ортада тез таралуға бейім. Тікелей бала туу кезінде, вирус анадан сәбиге оның босану жолдарымен өту кезінде беріледі. Сондықтан қоғамдық орындарда сауналарға, моншаларға, спорт залдарына,дәретханаларға, бассейндерге барғанда өзіңізді ұқыпты ұстағаныңыз абзал.

Денсаулық сақтау жүйесінің мәліметіне сүйенсек, елімізде 25 пен 44 жас аралығындағы әйелдер арасында жиі кездесетін қатерлі ісік түрлерінің ішінде бұл дерт сүт безі обырынан кейінгі 2-ші орында. Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырының 1900-ден астам жаңа жағдайы анықталады. Жатыр мойны обырының күнделікті 5 жаңа жағдайы тіркеледі. Жыл сайын 600-ге жуық әйел жатыр мойны обырынан көз жұмады. Бұл көрсеткішті әр күнге шаққанда, күніне 2 әйел қатерлі дерттен қайтыс болады деген сөз.

АПВ-ға қарсы тек вакцинация арқылы алдын алуға болады.

Халықаралық тәжірибеде жүзден астам елде адам папиллома вирусына қарсы екеп енгізілгендіктен, бұл мемлекеттерде жатыр мойны обыры 90% төмендеген. Яғни, бұл қауіпті дерттің алдын алатын жалғыз спецификалық шара – екеп. Қыз баласы – болашақ ана. Ол еліміздің өркендеп, өсуіне ат салысатын болашақ ұрпақты өсіруші. Ал ертеңгі ұрпақтың сапалы да саналы болуы әйел адамының денсаулығына тікелей байланыды. Сол себепті қатерлі дерттің алдын алу үшін екеп салдырып, тиісті шараларға белсенді қатысуға шақырамын. Бұл жеткіншек қыздарымыздың денсаулығына үлкен жанапшырлық танытқанымыз болады.

Ж.УАЛИХАНҚЫЗЫ,
«Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ
МКК Акушер-гинеколог.

Заңмен қорғалады

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Әсіресе сексеуілді қорғап, баптау басты назарда. Жақында ғана мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ормандарында ағаш кесуге тиым салу туралы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 30 қазандағы №260 бұйрығына сәйкес сексеуілді сындырып, отауға 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін тиым салынды. Осы Қаулыны негізге ала отырып, біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғау, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек» деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепеңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың көрікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау-басты назарда болуы міндетті.

Әлібек ДАУЫЛБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау
мекемесінің орман күзетшісі-қорықшысы.

Сексеуілді алуға тиым салынады!

Барша адамзат баласы, жалпы тіршілік иелеріөздерін қоршаған табиғи ортаға қарыздар. Қарап тұрсаңыз айналамыздағы тау-тас, орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жасасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білемін. Сол себепті ормандарымыздан сексеуілдің барлық түрін алуға тиым салынады.

Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестері!

Болат ШЕРИЯЗДАНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау
мекемесінің орман шебері.

ПАРАҚОРЛЫҚТЫҢ ЖІБІН ҮЗ

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес уақыт өткен сайын күшеюде. Бүгінде аталған қоғамдық індеттің алдын алу, жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру қажеттілігі айрықша күн тәртібіне шығып отыр. Себебі, жемқорлық фактілері қарапайым жағдай емес, ол елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін әлсірететін, қоғамды әділетсіздікке ұшырататын аса қауіпті індет. Сондықтан, парақорлықпен күрестің жылдар бойы жалғасуы заңды құбылыс.

Ел мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту болып табылады.

Қоғамның мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру, халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру де аталған құжаттың басты міндетіне жатқызылған. Әрине, сыбайлас жемқорлықпен күрес жолында оның алдын алу жұмыстарына көбірек мән берген жөн. Ол үшін жемқорлық көріністерінің белең алуына түрткі болатын факторларды анықтап, мейлінше індеттің алдын алған абзал. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Б.ЖОЛШЫБЕКОВ,
ҚР АШМ ВБжҚК Созақ аудандық аумақтық
инспекциясы бас маман-мемлекеттік
ветеринариялық- санитариялық инспекторы.**

Хабарландыру

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025-2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2025 жылдың ақпанайының 20 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Кәсіби аурулар туралы не білу керек?

Кәсіби аурулар-белгілі бір мамандыққа байланысты кәсіпорынның зиянды әсерінен пайда болатын ауру. Кәсіптік аурулар кәсіпорындардағы санитариялық-гигиеналық ережелердің дұрыс орындалмауынан, шу, діріл әсерінен, еңбек және демалыс тәртібінің бұзылуынан, жұмысшылардың техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан пайда болады. Мысалы, шаң-тозаңы көп жерде жұмыс істеген адамның өкпесі пневмокониозға (өкпені шаң басу), ал радиоактивті препараттармен жұмыс істейтіндер сәуле ауруына шалдығады. Кәсіптік аурулардың жедел және созылмалы түрлерге бөлінеді. Жедел кәсіптік ауру-бұл әдетте қызметкерге зиянды өндірістік факторлардың бір реттік (бір жұмыс күнінен, бір жұмыс ауысымынан аспайтын) әсер етуінің нәтижесі болып табылатын, кәсіптік еңбекке қабілеттілігін уақытша немесе тұрақты жоғалтуға әкеп соққан ауру.Созылмалы кәсіптік ауру- қызметкерге зиянды өндірістік факторлардың ұзақ уақыт әсер етуінің нәтижесі болып табылатын, кәсіптік еңбекке қабілеттілігін уақытша немесе тұрақты жоғалтуға әкеп соққан ауру.Жұмыс түріне қарай жұмыс күні мерзімін қысқарту, жыл сайын қосымша демалыс беру, жұмыс кезінде үзіліс жасау (15-20 мин), техникалық шараларды іске асыру – кәсіби аурулардың санын азайтуға мүмкіндік береді. Медициналық қарап-тексеру жүргізу нәтижесімен әрбір жұмысшының денсаулық жағдайына байланысты басқа жұмысқа ауыстыру, стационарлық және санаторийлік-курорттық емдеу, емдеу-профилактикалық тамақтану, динамикалық бақылау тағайындалады.Кәсіптік аурулардың алдын алуда жеке қорғаныш құралдарын пайдалану маңызды орын алады. Жеке қорғаныш құралдарына мыналар жатады: арнайы киім, аяқ киім, көзілдірік, құлаққап, қорғаныс қолғаптары, респираторлар және газ маскалары. Кәсіптік аурулардың алдын алуда қажетті сауықтыру және емдеу шараларын жүргізе отырып, міндетті алдын-ала және мерзімді медициналық тексерулердің маңызы зор.

**Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.**

Әділдік пен адалдық – әрбір қоғамның дамуы мен өркендеуінің негізі. Алайда, сыбайлас жемқорлық бұл құндылықтарға қайшы келетін ең үлкен кедергілердің бірі. Жемқорлық тек заңды бұзу ғана емес, ол қоғамның сенімін, экономикасын және әлеуметтік тұрақтылығын жоятын дерт. Сондықтан “Жемқорлықсыз қоғам – әділ болашақ” қағидаты бүгінгі күннің басты мақсаттарының бірі болуы тиіс.

Жемқорлықсыз қоғам құру үшін әрбір азамат пен мемлекеттік құрылым белсенді түрде әрекет етуі керек.

Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей шаралар маңызды:

1.Құқықтық реформалар: Жемқорлыққа қарсы заңдардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету және заң бұзушыларға қатаң жаза қолдану.

2.Мемлекеттік қызметтерді

мемлекеттік органдардың қызметіне бақылауын арттыру.

4.Тәрбие мен білім: Білім беру саласында адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау. Жас ұрпаққа жемқорлықтың зияны туралы ақпарат беру маңызды.

5.Мәдени өзгерістер: Халық арасында жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру. Әр азамат заң бұзушылыққа куә болған жағдайда үнсіз қалмауы

Жемқорлықсыз қоғам-әділ болашақ

Жемқорлықсыз қоғамның артықшылықтары

1.Әділеттілік пен теңдік: Жемқорлықсыз қоғамда әрбір азамат тең құқыққа ие болады, ал шешімдер заңмен әділеттілік негізінде қабылданады.

2.Экономикалық өркендеу: Мемлекеттік қаражат мақсатты түрде жұмсалып, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталады.

3.Халықтың сенімі: Жемқорлықсыз қоғамда мемлекеттік органдар мен халық арасындағы сенім артады, бұл бірлік пен тұрақтылықты нығайтады.

4.Жас ұрпаққа үлгі: Жемқорлықтан ада қоғамда өсіп келе жатқан ұрпақ адалдықты басты құндылық ретінде қабылдайды.

Жемқорлықсыз қоғам құру жолдары

цифрландыру: Электрондық үкімет жүйесін дамыту арқылы қызмет көрсету процестерін ашық ету.

3.Қоғамдық бақылау: Азаматтық қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдарының

Сенім телефоны

«Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі нормаларын бұзу, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық іс-әрекет тудыратын фактілері бойынша **4-25-05** сенім телефонына хабарласуына болады.

тиіс. Жемқорлықсыз болашақ – әркімнің қолында. Әрқайсымыз жемқорлыққа қарсы күрестің бір бөлігі бола аламыз. Адалдықты өзімізден бастап, қоғамның әр саласында әділдікке қолдау көрсеткенде ғана жемқорлықсыз болашақты құра аламыз. Жемқорлықсыз қоғам – бұл әділеттілік, теңдік және береке орнаған ел. Біздің міндетіміз – осы құндылықтарды нығайтып, келер ұрпаққа адал және әділ қоғам қалдыру. Жемқорлықсыз қоғам құру – әр азаматтың парызы және жарқын болашақтың кепілі. “Әділдік үстемдік құрған жерде, болашақ жарқын болады!”

**Созақ ауданы
әкімдігінің жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі.**

Жолын кесу- азаматтық парыз

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы.Сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл - субектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру, және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік әрбір қазақстан азаматының ұстанымына, адалдық пен сатылмаушылықтың мінез құлық нормасына айналуы тиіс.

**М.ДӘУЛЕТБАЕВ,
Созақ аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі бастығы, майор.**

Қоғам дертімен күресейік

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен паралудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстарының,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.**

ӘУЛИЕЛІ АТАЖҰРТ, КИЕЛІ ҚҰТ МЕКЕН...

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Сыртқы жобасы тікбұрышты келген шахристан дүниенің төрт нүктесімен бағыттас, орташа биіктігі 7-8 метр. Қабырғаларының ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке 182 метр, батыстан шығысқа қарай 145 метр. Үш жағынан биіктігі 1,5метр дуалмен қоршалған. Дуалдың ұзынабойына 15 мұнараның орны анық байқалады. Шахристанның орта тұсынан жалпақ тастардан қалап жасаған су қоймасы табылды. Оның қыш құбырлардан құрастырып жасалған ұзындығы 30 метрлік су ағары бар. Рабат цитадель мен шахристанды қоршай орналасқан. Жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде қала тіршілігі төрт кезеңнен тұратыны анықталады: бірінші-VI-VII ғасырлар, бекіністі мекен жай кезеңі; екіншісі -VIII-X ғасырлар, қорғаныс қабырғалары, мұналары, сыртқы дуалы, орларыбар бекініс қала кезеңі; үшіншісі-X-XIIғасырлардағы қала құрылысының кеңейген, рабат салынған, қорғаныс қабырғалары нығайып, тұрғындар саны көбейіп, шаруашылық, қолөнер түрлерінің дамыған кезеңі; төртіншісі-XIII-XIV ғасырдағы кенттің біртіндеп күйреу кезеңі.



Ғылыми әдебиеттерде Бабата кенті X ғасырдағы жазба деректерде кездесетін баладж қаласының орны деген пікір де бар.

ШЕҢГЕЛДІ ӘУЛИЕ

Жартытөбе ауылының батыс жағындағы "Шұлық" деген жерде ер-

екше екі қорым бар. Оны жергілікті халық: "Қозы мен Баян секілді ғашықтық дертінен кеткен жігіт пен қыздың мазары" деп құрметтейді. Басына арнайы барып құран оқып отырады. Мал-жанды жанына жола бермейді. Бүгінде басына қалың топ-топ ақ шеңгел өскен. Аққолтық ауылының тұрғыны, өлкетанушы ұстаз, зейнеткер Мұқамедияр Ыбы-

райұлы бұл қасиетті орын туралы: «Жалпы әдебиетімізде ғашықтар туралы көп айтылады: Қалқаман-Мамыр, Еңлік-Кебек, Қозы Көрпеш-Баян ұлу т.б. Шеңгелді әулиені де жергілікті халық сонда бір-біріне қосыла алмаған екі ғашықтың денесі қойылған жер деп қадір тұтады. Көктемде көкпеңбек болып бөрітіп, артынша қызыл гүлге оранған қалың шеңгелді ғашықтардың бір-біріне ынтызарлығы десе, күзде гүлдері төгіліп, құрап, сидиған шеңгел тікендерінің қалуы ғашықтарға деген қарсылықты мезегендей. Бұл жерде қазір қос ғашықты жалғызсыратпайық дегендей бақилыққа атанғандарды осында жерлейді. Мазаратты қоршап, келушілер паналайтын үй тұрғызылған. Суреттегі қалың шеңгел тұрған жер қос ғашықтың мазары. Қазір ол жер қалың шеңгелден көрінбейді.

Қасиетті- шынайы адал махаббаттың қолдаушысы, ғашықтарды жарылқайды, өмірдегі тазалықты, пәктікті қорғайды.

Жинақтаған:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.
(Жалғасы бар).

Тарихымызды, жер-су атауларын, ескі әңгімелерді іздеп, зерделеп жүрген, есімі республикаға танымал жазушы Мақсат Қарғабайдың «Сөзақ үні» газетінің өткен 1 ақпандағы №09 санында «Туған өлке тарихы» айдарымен жарияланған «Әулиелі атажұрт, киелі құт мекен» атты жинақтаған көлемді, деректі мақаласын оқыдым. Онда әйгілі Бабата ауылы, ондағы Ысқақ баб кесенесі, іргесіндегі шәкірттері білім алған медресе туралы да жан жақты жазылыпты. Соны оқып бал дәуірен балалық шағым есіме түсті. Сол сағынышты күндер қолыма еріксіз қалам алдырды. Содан бері арада сексен жылға жуық уақыт өтті. Ол кезде біз әрине, кішкентай балалар болатынбыз. Алғашқы кезде біз баспаналап отыратын үй жоқ болды. Ысқақ баб кесенесінің медресесі бос болатын. Содан медреседе тұрдық. Бір бөлмесінде өмір сүрдік. Сонда мешіттің артында кішкентай анау Түркістандағы Рабия Бегімнің алдыңғы жағында тұрған шағын кесене сияқты болатын. Араға жылдар салып кейіннен барып көрдім. Ондай нәрсе жоқ. Басқаша болып өзгеріп кетіпті. Ес білген шағым- 1946-47 жылдары болатын. Менің есімде қалатын нәрсе мешіттің мұнарасы бар ғой. Соның күмбезінің бір жағы жарылған болатын. Баламыз ғой үстіне шығып қарағанымызда ішіне итсигек деген шөпті жинап қойыпты. Ол уақытта итсигекті жем орнынан пайдаланатын. Бидайды, итсигекті ол уақытта қол орақпен оратын.

Жазылған жайдың жаңғырығы

Оны бізден бұрын жинаған екен. Медресенің бөлмесі үлкен, сонда жартылай әкеміз бен шешеміз тұрады. Біз сабақтан босаған демалыс күндері барамыз. Әкеміз кенже інісі милицияда жұмыс істейді. Оқудың кезінде Шолаққорғанда боламыз. Демалыста Бабатаға келеміз. Кейіннен мына Азнаев Әбіләкімнің әкесі Азінайды колхоздың жиналысына салып молда болған деп колхоздан шығарып, жер аударды. Жалпы колхозшылар жиналысының шешімімен. Сөйтіп сол Азінайдың тамына кірдік. Азінай бас сауғалап Шаянға кетті ма? Білмедім. Ол кездегі саясат сондай болды. Әйтпесе ол кісі біз бала болсақ та білеміз жаман адам емес еді. Ол жерде қуғын көру себебі имандылықты насихаттау кеңестік саясатқа тура келмей тұрды. Ол кісі білімді, иманды, имам ағзам Әбу Ханифа жолын ұстанған азамат еді. Адам ретінде жаман адам емес болатын. Сол кезде менің әкем колхоз бастығы болып барған. Мына Ағабек деген кісі бар ғой. Соның анасы колхоздың төрайымы болатын. Темірбекова Зейне. Сол кісі төрағалықты біздің әкейге өткізді.

Сөйтіп ол кісі жай колхозшы болып кетті. Әйтпесе ол кісі пысық адам болатын. Ақындығы да бар. Құлжабайлармен айтқаны. Кейін олардың отбасы Шолаққорғанға көшіп келді. Сондай іскер, әбжіл, пысық адам еді. Ол уақытта колхоз бастығы болу да оңай емес еді. Бірақ енді ол кісі сол кездегі саясаттан қате кеткен болуы керек. Сөйтіп, райком партияда инструктор болып жүрген менің әкемді колхоз бастығы етіп жіберді. Менің әкеміз аты жөні Ниязбеков Сәрсенқұл деген кісі болатын. Зейне апамыздың тегі Темірбекова екенін кейін білдім. Менің құдамның, күйеу баламның көршісі. Бірақ Ағабек Ащысайда оқиды. Көпеев Берді деген кісі бар еді. Ол кісі Қымкентке есепші болып ауысып кетті. Салман деген кісі болды. Аудандық сот орындаушы Қуатова Рысбикенің атасы. Сейдуалиев жыраулар. Сосын мына Жетілгеннің әкесі Сармантай деген кісі болды. Олар Бабатаның ортасындағы сайды жағалап отыратын. Бабатаның алғашқы мұғалімі Дәулет деген кісі еді. Медресенің ішінде төртбес жас айырмашылықтарына қарамай балаларды қо-

сып, араластырып сабақ бере беретін. Біз мына шетінде тұрдық. Мына шетінде сабақ оқып жататын. 46-47 жыл біз Шолаққорғанда жүргенімізде ауылға Қажымұқан келді. Қазіргі білім бөлімінің, ғимаратының орнында промкомбинат дейтін мекеме болатын. Ол комбинат сексеуіл сындырып әкеп, халыққа сататын. Ол мекеме әк өндіретін, теріні тұзды суға салып илеп, көн шығаратын. Сайлаудың әкесі көнші болатын. Анарбаев Сайлаудың әкесі сол теріден етік тігіп, ат жүген, қамшы өретін, ер-тұрманға жарататын. Сол жылдардың есімде қалғаны өлге Қажымұқанның келуі еді. Палуан келгенде үстіне тас қойғызып, оның үстіне тағы тас қойып ұрып сындыратын.

Ол тасты сындыру үшін алдымен жатып алып кеудесіне қояды. Ішін престеп тасты ұрғанын сезіп жатады екен. -Оу, іштеріңде мына тасты гүрзі балғамен ұратын ұсталарың жоқ па?-дейді. Содан Таутай деген ұстаны тауып әкеледі. Таутай жартытөбелік Жиенбет руынан еді. Промкомбинаттың қос қақпасын аяқастырып Қажымұқанның үстіне жатқызып, полуторка машинамен үстінен жүріп

өтеді. Біздің көршіміз Әтенов Мелдебек деген кісі сельсоветтің төрағасы тұғын. Әрі көршіміз болатын. Сол кісінің әйелі ырымға деп палуанның бір көйлегін алып қалды. Сонда ана көйлекті кигенде екі иығына екі жастық қойғанда бәрібір көйлек қолындап үлкен болып тұрды. Денесі сонша дәу адам екен. Еріні жырық дегені рас екен. Шәй ішіп отырғанда өрнінен шай тамады екен. Еріні жырық, құлағы жырық. Біз ол кісіні тек ертегідегі кейіпкер сияқты көретінбіз. Сол кезде ғана ол кісіні өз көзімізбен көрдік. Жүрген, өнер көрсеткен жерінде артынан қалмай жүрдік. Промкомбинаттың екі түйесін алдырып оларды екі жағына арба сүйрейтін арқанмен ұстап тұрды. Түйені көмекшілер екі жаққа тарта айдады. Сонда екі түйені тартып тырп еткізбей ұстап тұрды. Тіпті түйелер бақырып жіберді. Сосын МТС-тен сом темір алдырып үстіне шыққан 4-5 жігіт солқылдатып сом темірді майыстыра алмады. Сонда Қажымұқан қос қолының күшімен майыстырып лақтырып жіберді. Әркім-әркім сұрақ қойып жатыр көп сөйлемейтін кісі екен. Арақ ішпейтін, салауатты өмір салтын ұстайтын салауатты кісі екен. Сол кісіні әлі күнге дейін ұмытқан жоқпын. Адамның есінде жақсы адамдар, олардың игі істері әлменше сақталып қалады деген рас екен.

Бекен НИЯЗБЕКОВ,
Шолаққорған ауылы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Сөзақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактордың уақытша
міндетін атқарушы:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Бірген ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.